



**Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № С 2-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 мамырда № 5362 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № С 32-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 10.12.2018 № С 32-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңымен, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақкөл ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы

Ж.Салыбекова

Ақкөл аудандық  
мәслихатының хатшысы

Ж.Салыбекова

**КЕЛІСІЛДІ**

Ақкөл ауданының әкімі

Т.Қ.Едігенов

27 сәуір 2016 жыл

Ақкөл аудандық мәслихаттың  
2016 жылғы 27 сәуірдегі  
№ С 2-3 шешіміне  
қосымша

## **Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері**

### **1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегі – жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ақкөл ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады.

2. "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, тұрғын үй көмегін тағайындауды және төлеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау және нәтижесін беру келесі арқылы жүзеге асырылады:

1) (Мемлекеттік корпорация - бұдан әрі) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2) "электрондық үкімет" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі - портал) веб-порталы.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау және нәтижесін беру "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет Министірлігінде 2015 жылы 12 мамырда № 11015 тіркелген), Қазақстан Республикасы халықтық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүргізіледі.

4. Тұрғын үй көмегі толық ағымдағы тоқсанға өтініш берген айдан бастап тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтардың) өткен тоқсандағы табыстары мен жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды жалдаушылар болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсу бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысының шығындары есепке алынады.

5. Жекешелендірілген тұрғын жайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс

қызметтерін тұтынуына, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақылардың шығындары қызметтер төлемақысына жеткізушілер ұсынған шоттар (түбіртектер) бойынша алынады.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындауды және төлеу бойынша өкілетті орган болып "Ақкөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) анықталды.

7. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлемдер түрінде іске асырылады. Тұрғын үй көмегінің төлемдері ай сайын бюджеттік қаражатты бөлу бойынша уәкілетті органның қаржыландыру шамасына сай жүргізіледі.

Тұрғын үй көмегі төлемдері екінші деңгейдегі банктер арқылы уәкілетті органмен жүргізіледі.

Тұрғын үй көмегін алуға үміткерлердің жеке өтінішіне сәйкес келесі төлемдер жүзеге асырады: тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне өтемақы; жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй жайларды (пәтерлерді) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға өтемақы; отын (көмір) құнының шығындарына өтемақы өтініш берушілердің шотына аударылады.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

8. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын өкілетті орган қолданыстағы заңнамаларда белгіленген тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептейді.

9. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді:

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақы.

10. Өтем шараларымен қамсыздандырылатын тұрғын үй алаңының мөлшері ретінде бір адамға он сегіз шаршы метрден белгіленеді. Жалғыз тұратын азаматтарға өтем шараларымен қамсыздандырылатын тұрғын үй алаңының нормасы отыз шаршы метр болып белгіленеді.

11. Қатты отынды пайдаланғаны үшін өтемақы жергілікті жылуы бар үйлер үшін өтемақы нормасы жылу маусымына 5 (бес) тонна, өтініш беру тоқсанында отбасыға (азаматқа) пайдалы ауданына байланысты белгіленеді. Шығын 1 шаршы метріне 83 килограмм мөлшерінде (қазан айы мен сәуір айы аралығындағы жылу беру мерзіміне) ескеріледі. Көмір бағасы өткен тоқсанда жинақталған облыстық статистика мәліметтері бойынша орташа бағамен алынады.

12. Коммуналдық қызметтерді (сумен қамтамасыз ету, кәріз, қоқыс) өтеудің өтемақы мөлшерлері нақты тұтынудан шыға, бірақ шекті шамадан артық емес, белгіленеді:

сумен қамтамасыз ету және кәріз бір адамға бір айда 2,5 шаршы метрден артық емес.

13. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі электр қуатын беру нормасы қолданылады:

100 (жүз) килловатт бір адамға;

250 (екі жүз елу) килловатт екі немесе одан көп отбасыға.

14. Телекоммуникация тораптарына қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген ережесіне сәйкес жүргізіледі.